

Т. РАМАЗАНОВ^{1*} , **И.А. АЙДЕМИР²** 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Хаджеттепе университеті, Түркия, Анкара қ.

*e-mail: take_kzz@mail.ru

ҚАЗАҚ ДИАЛОГІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (прозалық шығармалар негізінде)

Андатпа. Мақалада гендерлік категорияға тән ерлер мен әйелдер арасындағы диалогтік қатысымның ерекшеліктері сөз болады. Мақалада көркем мәтіннен жиналған диалогтік дискурс негізінде ерлер мен әйелдердің қозғайтын тақырыптары анықталды. Ер мен әйелдердің эмоционалды дискурсына қатысты ерекшеліктері диалогтер арқылы талданып, себептері нақтыланды. Ер мен әйелдердің сөз қолданысындағы инвективті лексиканың ерекшеліктері көркем мәтіннен жинақталған диалогтер негізінде айғақталды.

Мақаланың мақсаты – көркем мәтіннен алынған тілдік фактілерге жүгіне отырып, ерлер мен әйелдердің эмоционалды дискурсындағы ерекшеліктерді, олардың тіліндегі инвективті лексиканың қолдану аясын, талқылайтын тақырыптарын, ер кейіпкерлер мен әйел кейіпкерлердің пікірлесуі нәтижесінде қазақ диалогінің түрін анықтау.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңызы – мақалада талқыланатын мәселелер мен алынатын нәтижелерді қазақ тілтанымындағы лексикология, мәтінтану, дискурс салаларына қосымша ғылыми материал ретінде қолдануға болады.

Көркем мәтін тіліндегі гендерлік фактор әйел автор мен ер автордың стильдік, психологиялық, тақырыптық ерекшеліктерін және автордың сөйлеу мәнері мен кейіпкерлердің сөз қолданысын анықтау үшін де құнды. Бұл гендерлік зерттеулердің әлеуметтік мәдени ортада маңызды орын алатындығын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық дискурсымызда айрықша орын алатын ер мен әйел адамдардың диалогтік қарым-қатынасы негізінде қазақ диалогіне тән ерекшеліктерді айқындау – мақаланың құндылығын айғақтайды.

Тірек сөздер: қазақ диалогі, гендер, дискурс, инвективті лексика, көркем шығарма.

Т. РАМАЗАНОВ^{1*}, **И.А. АЙДЕМИР²**

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Университет Хаджеттепе, Турция, г. Анкара

*e-mail: take_kzz@mail.ru

ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОГО ДИАЛОГА (на основе прозаических произведений)

Аннотация. В статье рассматриваются особенности диалогического общения мужчин и женщин, характерные для гендерной категории. Так, в статье на основе диалогического дискурса, собранного из художественного текста, определены темы обсуждаемые мужчинами и женщинами.

В статье были проанализированы особенности эмоционального дискурса мужчин и женщин с помощью диалогов и уточнены их причины.

Об особенностях инвективной лексики в словоупотреблении мужчин и женщин свидетельствуют диалоги, собранные из художественного текста.

Цель статьи – обращаясь к лингвистическим фактам, взятым из художественного текста, определить особенности эмоционального дискурса мужчин и женщин, сферу использования инвективной лексики в их языке, обсуждаемые темы, тип казахского диалога в результате общения мужских и женских персонажей.

Научно-практическая значимость статьи состоит в том, что рассмотренные в статье проблемы и полученные результаты могут быть использованы в качестве дополнительного научного материала в области лексикологии, текстологии и дискурса в казахском языкознании.

Гендерный фактор в языке художественного текста ценен также определением стилистических, психологических, тематических особенностей автора-женщины и автора-мужчины и особенностей авторской речи и словоупотребления персонажей. Это связано с тем, что гендерология играет важную роль в социокультурной среде. Язык художественного текста учитывает гендерную дифференциацию, демонстрируя знакомые нам факты. С этой точки зрения определение особенностей, характерных для казахского диалога, на основе диалогического общения мужчин и женщин, занимающего особое место в нашем национальном дискурсе, свидетельствует о ценности статьи.

Ключевые слова: казахский диалог, гендер, дискурс, инвективная лексика, художественное произведение.

T. RAMAZANOV^{1*}, I.A. AYDEMIR²¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty²Hacettepe University, Turkey, Ankara

*e-mail: take_kzz@mail.ru

**GENDER FEATURES OF THE KAZAKH DIALOGUE
(based on prose works)**

Abstract. The article will discuss the features of dialogical communication between men and women, characteristic of the category of gender.

In the article, the topics discussed by men and women were determined based on the dialogue discourse collected from the fiction.

There were analyzed features related to emotional discourse of men and women through the dialogue and the reasons of differences were defined. Also, the features related to the invective vocabulary used by men and women were determined.

The purpose of the article is to determine the features of the emotional discourse of men and women, the scope of use of invective vocabulary in their language, the topics discussed, the type of Kazakh dialogue as a result of discussion of male and female characters with reference to linguistic facts taken from fiction.

The scientific and practical significance of the article is the issues discussed in the article and the results obtained can be used as additional scientific material in the field of lexicology, textual criticism and discourse in Kazakh linguistics.

The gender factor in the language of a literary text is also valuable in determining the stylistic, psychological, thematic characteristics of a woman and a male author, as well as the characteristics of the author's speech and the characters' word usage. The language of the literary text takes into account gender differentiation, showing facts familiar to us. From this point of view, defining the features of the Kazakh dialogue on the basis of dialogic relations between a man and a woman, which occupy a special place in our national discourse, proves the value of the article.

Keywords: Kazakh dialogue, gender, discourse, invective vocabulary, fiction.

Кіріспе

Нақты зерттеу нысанына айналған гендерлік зерттеудің жаңа кезеңі 1970 жылдары басталды. Бұл жылдардағы зерттеулер гендер ұғымының тіл біліміне енуімен байланысты. Гендердің грамматикалық категориясын білдіретін ағылшын тіліндегі «gender» термині лингвистикалық контекстен алынып, ғылымның басқа салаларында, атап айтсақ: әлеуметтік философия, әлеуметтану, тарих, саясаттану салаларында да негізгі зерттеу нысанына айналды.

Гендерлік зерттеулерді жүргізу қазақ тіл біліміне жиналған фактілерді дамытып, соның негізінде жаңа концепцияларды өз мәдениетімізге сүйене отырып жасаумен байланысты қарастырылады. Бұл жыныстық айырмашылықтардың негізінде қалыптасқан өзіндік тарихи тәжірибенің формасы.

Гендер мәселесін бүгінде мәдени-әлеуметтік феноменді білдіретін, тіпті саяси-экономикалық аяда жиі көріне бастаған құбылыс ретінде тану қазақ тіл білімінде профессор Б.Хасанов еңбектерінен көрінеді.

Материал және әдістер

Мақаланы жазу барысында тілдік материал ретінде прозалық шығармалардағы диалогтер алынды. Атап айтқанда: М.Әуезов, Ә.Нұрпейісов, С.Мұратбеков, О.Бөкей, Ә.Тарази, Қ.Жұмаділов, Д.Исабеков, Ш.Құмарова, Ш.Бейсенова т.б. авторлардың шығармаларынан ер мен әйел кейіпкерлердің диалогтері жинақталып, сараланды, талданды.

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін қазақ тілтанымында гендерлік лингвистика мен диалогке байланысты зерттеу жүргізген ғалымдар: Қ.Жұбанов, Б.Хасанұлы, Г.Шоқым, Г.Мамаева, Р.Тұрдалиева, А.Айтбенбетова, Г.Иманғалиеваның еңбектері құрайды.

Мақаланы жазу барысында жинақтау, сипаттау, баяндау, салыстыру, саралау тәрізді ғылыми әдістер басшылыққа алынды.

Әдебиетке шолу

Қазақ тілтанымында тікелей гендерлік лингвистикаға зерттеу жүргізу зерттеушілер Г.Мамаева, А.Смайлов, А.Байғұтова, Г.Шоқым, Р.Тұрдалиева еңбектерінен бастау алды. Бұл қазақ тіл ғылымында гендер ұғымына байланысты ешбір сөз болмады деген түсінік қалыптастырмауы керек. Бұған дейін Қ.Жұбанов әйел тілінің ерекшеліктеріне баса назар аударды. Жалпы тілдік қатынастағы әйел мәселесі жөнінде ғалым Қ.Жұбанов: «Ертедегі ата-

балаларымыздың ескі салт, көне дәстүрінде әйелдерге кемсітушілік көзбен қарау болмаған тәрізді. Күні кешеге дейін, әйелдер правосы кеңестік заң бойынша ерлер құқымен бірдей болғанға дейін ел аузында: әйелдердің жолы үлкен дейтін үлгілі сөзі болатын. Және сонымен әйелдердің аң байланарлық құқы да сақталып келген болатын. Осымен қатар, әйелдің жолы үлкен ескіден келе жатқан ата-дәстүр бойынша көштің алдына әйелді отырғызатын заң болған. Міне, осылардың бәрі қазақ халқының ата-бабаларының ежелгі салтының жұрнағы еді», – дейді (Жұбанов, 1999: 115-124). Әрине, мұндай деректер гендер мен тілдің тарихи байланысын анықтау үшін өте маңызды.

Қазақ тілінің гендерлік аспектісін зерттеген ғалым Г. Шоқым қазақ халқының ұлттық табиғатына тән тіл мен биліктің сабақтастығын гендерлік тұрғыдан қарастырды. «Қазақ дәстүрлі қоғамында ел басқару, әкімшілік істердің тізгінін ер-азаматтар ұстаған. Тіліміздегі хан, сұлтан, би, бек, ел ағасы, ауыл ақсақалы, ру басы, қазы, төре, т.б. ер адамдарға қатысты қолданылатын сөздер әлеуметтік дәреже-лауазымды білдіретін гендерлік лексиканы құрайды» (Шоқым, 2021: 46) – дей келе би-көсем, би-заңгер, би-елші, би-батыр, би-саясаткер деп қазақ ерлерінің биліктегі гендерлік орнын көрсетеді. Сондай-ақ Томирис, Айша бибі, Домалақ ана, Бегім ана, Қызай, Бопай сынды халқымыздың арғы-бергі тарихында билікке араласқан әйелдердің гендерлік әрекетін олардың ел басқару ісімен және ұлтты біріктіру идеяларымен байланыстырады.

Көркем мәтін – тіл мен жазу сабақтастығынан туындайтын танымдық құрал, көркем құрал, эстетикалық-лингвистикалық категория. Көркем мәтін тіліндегі гендерлік фактор әйел мен ер автордың стильдік, психологиялық, тақырыптық ерекшеліктерін, автордың сөйлеу мәнері мен кейіпкерлердің сөз қолданысын анықтауда да құнды. Бұл әлеуметтік-мәдени ортада жыныстың маңызды рөл атқаратындығына байланысты. Көркем мәтін тілі бізге таныс фактілерді көрсете отырып, гендерлік саралауды да жүзеге асырады.

Көркем мәтін тіліндегі гносеологиялық тұжырымдардың қолданылу аясын гендерлік тұрғыда зерттеудің бірнеше жолдары болады. Біріншіден, еркек авторлар мен әйел авторларының шығармалары тілін зерттеу арқылы көркем мәтін тілінің гендерлік сипаты танылады. «Қалай болғанда да шығарманың авторы ең алдымен мәтіннен танылады. Адамды (мәтін жасаушыны) тілде (мәтіннен) іздеу антропоэзектік бағытқа қазіргі бетбұрыспен сәйкес келеді. Ал мәтін тілі осы алмастырудың тарихи-мәдени жағдайларымен тығыз байланыста қабылдануы тиіс. Тіл тарихындағы мәтін жасаушының сөзжасам заңдылықтарын оған танымдық әрекеттің ықпалын ескере отырып зерттеу – ғылымдағы жаңа функционализм тенденциясын жеделдете түскендей. Шын мәнінде, ол тілдің қызметін зерттейтін әлеуметтік лингвистиканың негізгі пәні болып табылады» (Хасанұлы, 2003: 233), – деген Б.Хасанұлының пікіріне сүйене отырып, гендерлік лингвистикадағы ер мен әйелдің сөз саптауындағы өзіндік ерекшеліктердің танылуына мәтін тілінің қомақты үлесі бар екенін аңғарамыз. Екіншіден, көркем мәтіннің гендерлік сипаты шығармадағы ер-әйел кейіпкерлерінің тіл ерекшелігі арқылы танылады. Дәлірек айтсақ, көркем мәтін – ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы айырмашылықтарды анықтайтын тілдік факт.

Авторларымыз өз оқырмандарын тәнті ету үшін көркем шығармаларында ерлер мен әйелдердің психологиялық ерекшеліктеріндегі ұлттық тәрбиенің рөлін суреттейді. Ер мен әйел адамдардың арасындағы диалог арқылы олардың шынайы болмысы мен гендерлік ерекшеліктері анық байқалады.

Нәтижелер және талқылау

Орыс зерттеушісі Т.Б.Крючкова ерлер мен әйелдер сөз қолданыс ерекшеліктерін зерттеу үшін лингвистикалық эксперимент жүргізді. Гендерлік-психологиялық ерекшеліктерге байланысты бір сөздің немесе бір мағынаның әртүрлі қолданылуына назар аударады. Осы тұрғыда ғалым екі түрлі эксперимент жүргізді: 1) ауызша эксперимент, 2) жазбаша эксперимент (Крючкова, 2016: 76-79). Біз «жазбаша эксперимент» түрін таңдай отырып, қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшелікті айқындауға тырысамыз.

Ерлер өз міндеттерін атқарады: Отан қорғайды, отбасын асырайды. Әйелдер үй шаруасымен айналысады, бала өсіреді. Осыған байланысты ерлер мен әйелдер еңбек саласына,

қоғамдағы орны мен отбасындағы рөліне байланысты әртүрлі тақырыпта сөз қозғайды.

Ғылыми тұрғыдан зерттелмегенімен, күнделікті өмірде бұл ерекшеліктер бүкіл адамзатқа белгілі процесс. Ерлер мен әйелдер әртүрлі тақырыптарда сөйлеседі, ерлердің әңгімелері әдетте әйелдер жоқ жерде жүреді, ер азаматтар әйелдер қауымының тақырыбын қаузағанды ұнатпайды. Керісінше, әйелдер ерлердің әңгімелеріне аса қызықпайды.

Жыныстардың әртүрлі тақырыптарды талқылауының бірнеше себептері бар. Оның бірінші себебі, ерлер мен әйелдердің қызмет саласы әртүрлі. Екінші себеп – олардың қызығушылығымен байланысты. Үшінші себеп – жыныстар арасындағы психофизиологиялық айырмашылықтардың болуы. Төртінші себеп – отбасындағы атқаратын рөліне байланысты. Бесінші себеп – ұлттық, ата-ана тәрбиесінің нәтижесі.

Ерлер спорт тақырыбын көп әңгіме етеді. Спорт шеберінің қайсысы олимпиададан орын алатынын алдын ала болжап немесе қай спортшы мықты екенін басқаларға хабарлап отырады. Кейде дүниеде болып жатқан саяси жағдайлардың шиеленісуін, оның немен бітетінін дискуссия түрінде қызу әңгіме етеді. Сондай-ақ, ерлерге тән қасиет – өздерінің жетістіктерін мақтан етіп, басқаларға баяндауы. Сонымен қатар, ақша, коммерция мәселелерін әңгіме етеді. Аталған жайттар көркем шығарма мәтіндегі диалог арқылы анық көрінеді:

Бір мезгілде министр жүрісін сәл бәсеңдетті де:

– Білетін шығарсың, алдағы жаңа жылдан бастап ел астанасы Ақмолаға көшеді, – деді Бектұрғановқа бұрылып.

– Иә, сондай сөз бар еді, жеделдейтін болғаны ғой.

– Астана көшеді. Кейбір облыстар бір-біріне қосылады. Ал аудандардың қақ жарымы қысқарып кетуі мүмкін... Сіздің жасыңыз пенсияға толып па еді?

– Бірер жылы қалып еді. Бірақ мен соны күтпейтін шығармын, – деді Нұрсағат нық сеніммен (Қ.Жұмаділов. «Жемдеген қырғауылдар»).

Әйелдер талқылайтын тақырыпқа келетін болсақ, ол өте алуан түрлі. Ең көп таралған тақырып – жақында сатып алынған қымбат киімдері немесе сәнді зергерлік бұйымдар, сақиналар, алқалар және т.б. түсін, түрі мен бағасын, қай дүкеннен сатып алғанын және қай жерде тігілгенін сипаттайды. Ол көркем диалог мәтінде былайша өріледі:

– Мен дегенің, өзіңіз білесіз, осындайға тіпті мән бермеймін ғой, подругам алып қойған екен, саған жарасады деп болмай кигізіп жібергені, – келіншек жорта өкпелеп жүзін томсырайтып, көйлегінің өңірін түзеп қойды.

– Жақсы жарасады екен. – Басқа қыздар да жан-жақтан жамырай айтып жатыр (Ш.Құмарова «Қазбауыр бұлттар»).

Ертеде аталарымыз «Үкісіз қыз болмас, тікенсіз гүл болмас» деп тегін айтпаған. Әйел заты әр уақытта сәнқұмар болады. Соңғы сәнменен басқалардан қалыспай киінуді ұнатады. Жалпы қазақтың ұғымында қыздың киімі де, жүрісі де сәнді болуы керек.

– Ауру шешеме ақша салайын деп, әкейдің қазасынан соң, ол кісі мүлде титықтап қалды ғой... – терең күрсініп алған Орманкүл Сындыбаланың мойнындағы алқасына қызықты:

– Әпкетай, осындай әдемі моншақтарды қайдан аласыз?!

– Қыздың көзі қызылда деп, бәлесін қара. Таптық та бір жерден. Пұлы да удай. Мына кофтаммен түстес емес пе, ә? (Ш.Құмарова «Қазбауыр бұлттар»).

Басқа адамдардың өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтар әйелдерді қатты қызықтырады. Көп жағдайда әңгіменің негізгі мақсаты – басқа адамдардың өмірі туралы әңгімелеу. Ол жай ғана айтып қоймайды, оқиғадағы кейіпкерлерге өз бағасын береді. Бұл тақырып жарыспалы сипатта, салыстырмалы түрде бірінен соң бірі ілесіп кете береді. Сондықтан әйелдер отырған жерде әңгіме көп жүреді.

Жеңгелерінің шайына жиналған абысын-ажындарды оңашада ас үйде бас қоса қалған кезде:

– Ойпырмай, қайынағамның кіші қызы қасқыр ғой, сонша жерден күйеуінің мәшинесімен келіпті-ей! Дос бар, дұшпан бар, көрсін деп отыр, мықты емес пе біздің ол қыз, – десе, екінші біреуі тұрып, одан қалысқысы келмей:

– Менің әлгі ортаншы қайын сіңлім бар ғой, кілең бір жаңа Волгамен келетін болып жүр,

кімдікі деп сұрасақ «пәлен жерде істейтін бір мықты жолдасымыздікі еді» деп ыздияды әуелі (Ш.Бейсенова «Тойға келген келіншек»).

Аталған ерекшеліктерге мысалдар әйел қаламгерлердің шығармаларынан алынды. «Әйел жазушылардың көркем мәтінді берудегі табиғаты әйелдердің нәзіктілігі мен психологизм, эмоцияға толы көңіл-күйлерімен тікелей байланысты болатыны сөзсіз. Осы ретте әйел жазушылар мәтіндері тіліндегі бірнеше ерекшеліктерді атап өткен орынды. Онда:

- Кітаби тілді жиі пайдаланады;
- Клише мен эвфемизмдер көрініс береді;
- Эмоция мен сезім айрықша байқалады;
- Экспрессивтік-бағалауыштық сөздердің қолданысы басымдылық танытады (Каримова, 2023: 92).

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктерінің бір қыры – ер мен әйелдің эмоционалды дискурсы арқылы көрінеді. Әйелдер психологиясында эмоцияның ең бір айқын көрінетін түрі – қуану процесі. Әйелдердің қуануы, әсер алуы қарым-қатынаста эмоционалдылығымен белгілі болып отырады:

– Қалқам, – деді қуанып кеткен Қалампыр. – Қайда болдың, сәулем? Келші бері! Зәрем кетті ғой, сені жоғалтып!...(С.Оспанов «Балуан Шолақ»)

– Білесің бе, саған қандай сыйлық алғанымды? – деп қоранқа салған алтын сағаттың бетін ашты. Терезеден түскен күн сәулесімен жарқ етті. Майраның көздері нұр шашты.

– Қандай тамаша, – деді тамсанып (К.Рахымжан «Көк жиек»).

Әдетте, әйелдер қуаныш сәтінде «жаратушыға» ризашылығын білдіріп, барлық жақсылық одан рақыммен келгенін түсінеді. Сондықтан қуанышты сәттерінде әйелдер лексиконындағы «Құдай», «Жаратушы» деген сөздердің жиілігі артады. Қуанған сәтінде жылап та алады. Сол себепті әйелдердің қуанып жатқанын, я мұнайып тұрғанын ажырату кейде қиынға соғады. Бұл көркем шығарма тіліндегі диалогтік қатысымда былайша өрбиді.

– Құлыным менің! Я, құдай ақсарбас! Ризамын жасаған! Көз жасымды көрдің бе? Аспанда тәңір бар екен! Жалғызым менің! Кел, келші – боздаған ана даусынан Нұрланның сай сүйегі сырқырады (Х.Әдібаев «Таңбалы адам»).

Қалампырдың жүрегі лүп ете қалды.

– Құдай тілеуіңді бергір Қатира, – деді ішінен асығыс киініп жатып.

– Ақ тілеуіңді періште аумин десін. Бала-шағаңның игілігін көргірдің ниеті қандай түзу еді! (Д.Исабеков «Кемпірлер»).

– Құдай-ау, өзіміздің Мұратжан ғой (Ш.Құмарова «Қазбауыр бұлттар»).

Жалпы қуану – адамдардың жағымды эмоционалды сезімі. Қуану жеке адамның психологиясына, өмірге көзқарасына, өмірден алатын құндылықтарына орай түрлі болады. Ерлердің қуану сезімі маңызды себептермен ғана сыртқа шығады. Өмірдегі мақсаттарының арқасында олар жұмыс бабында лауазымы көтерілсе, диттеген мақсаттарына жетсе, т.б. ірі жағдайларда ғана өздерінің эмоцияларын еріксіз көрсетеді.

– Рақмет, Сәбе! – деп орнынан атып тұрған Латифтің де бетінде қуаныш сәулесі ойнады (К.Толыбаев «Тамшылар»).

Көркем мәтіндегі диалогтік қарым-қатынастарда қуану эмоционалды-экспрессивті лексика, орын алмастыру, сөздегі дыбыстардың созылыңқы айтылуы, одағай сөздер, қарапайым сөздер, сөз тіркестерінің лексика-семантикалық заңдылығынан уәжді ауытқулар арқылы көрінеді.

– Күсеке, мен аман-есен құтылдым, бұл соның тойы, – дейді Бисұлтан.

– Ой, бәрекелде, құтылғаның жақсы болған азаматтым, – деді Күсен қуанып.

– Сіздердің арқаларыңызда машинама да өзімде қалды. Бәлі, шіркін, бұл күнде ер қанаты осы ғой. Дұрыс болған екен (С.Мұратбеков «Күсен-күсеке»).

Келтірілген диалогтік үзіндіде мемлекетті, елді тонап, мойнына ақша киген жігіттің жылпос мінезі, мәселенің дұрыс шешіліп, көлігінің өзінде қалуы арқылы оның қуанышты сезімі аңғарылады. Кейіпкердің эмоцияға толы сөздері арқылы оның жылпос, тоғышарлық қасиетке ие адам екені байқалады. Бұған сіздердің арқаларыңызда көлігім өзімде қалды деген кейіпкер сөзі дәлел. Ал Күсеннің коммуникация барысында өзгеге адал, аңғалдығы елдің қуанышын бөлісіп,

қуана білетіндігінен көрінеді.

Ерлердің қарым-қатынаста қолданатын сөздерінің нақты және қысқа болуы олардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты болса керек. Зерттеуші Р.Тұрдалиева өз еңбегінде ерлер әр нәрсенің жай-жапсарына нақты тоқталып, соның қыр-сырын анық ұғынған соң ғана іске кірісетінін айтып, ерлер қауымының психофизиологиялық ерекшеліктерін атап өтеді (Тұрдалиева, 2009: 48). Ерлерге тән бұл қасиет көркем шығарма тіліндегі диалогте көрінеді:

Ойда жоқ бәлеге ұрындырған Қорғасбайға ызасы келді. Қамшысын қолына бүктеп, ұрып жібере жаздап, ызбарлана зірк етті.

– *Көтер, ей, басыңды, қатын құсап қашамысың енді, күрес!..*

– *Кешіріңіз, ата! Бір иттік жасадым.*

– *Жаңа мені де ит қылғансың, енді екі ит болдық. Жұрт қызығымызды көрсін, кел, екі ит төбелесейік* (Б.Нұржекеев «Күтумен кешкен ғұмыр»).

Эмоционалдылық қорыққанда да білінеді. Қорқыныш адамдардың бойындағы ұстамдылық сапасын анықтайтын қасиеттерден туындайды. Бұл сезім ерлер пен әйелдердің диалогтық қарым-қатынасын анықтауда ерекше орын алады. Әйелдер психологиясында қорқыныш сезімі басым. Бұл турасында зерттеуші Г.Мамаева: «Жалпы психологиясына қарай әйел адамдар қорқақ болады. Қорқу эмоциясын олар ашық, айқын, елге түсінікті етіп көрсетеді. Қорқу, үрей оларда кез келген ситуацияда бола береді. Әйелдер әрбір басқан қадамы сайын қорқады. Олар үйде жалғыз қалғанда, күйеуі жұмыстан кешіксе, бір заты жоғалса да немесе оны сындырып аламын деп те қорқады. Сондықтан әйелдер психикасында қорқу сезімінің түрі жан-жақты», – дейді (Мамаева, 2003: 49-50). Мысалы, Б.Нұржекеевтің «Күтумен кешкен ғұмыр» романында ерлер мен әйелдердің қорқу сезіміне байланысты өзіндік айырмашылығы диалог арқылы былайша суреттеледі.

– *Алла-ай! – деп Қайныкеш атының басын тартты.*

– *Жайылып жүрген жылқы зой, – деп Әтіке өзі ілгерілей түсті. Ат пысқырығы қарағай жақ тұстан шыққандықтан, қорқыныш оның да өңіменіне суық қанжардай қадалған, бірақ соны сездірмеуге тырысты.*

– *Ойбай, әне! – деп қалды Қаныкеш* (Б.Нұржекеев «Күтумен кешкен ғұмыр»).

Маған бір шыны шай ұсына берген әжем, кенет шошып кетті.

– *Ойбай, мына баланы бірдеңе шағып алыпты зой, төменгі ерні күп болып ісіп кетіпті* (Р.Әбілқадырова «Ақ қыз»).

Ер адамдарға қорқу сезімін ашық білдіруге болмайды. Ол намыссыздықты, ерлерге тән емес қасиеттерді білдіреді, яғни бұл қасиет ерлерге жат. Себебі, бұл қасиеттен аулақ жүруді ер адамдар бойына әке-шеше тәрбиесімен, өзіндік психологиялық ерекшелігімен дарытады. Егер, қорыққандай жағдай болса, ол сезімін ішінде жасырып, білдірмеуге тырысады немесе сол қорқытып отырған объектіге өздері қарсы шығады.

Физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне орай ерлер мен әйелдер белгілі бір ситуациадан түрлі әсер алып, одан қорытынды шығарады. Ондай ерекшеліктердің бірі – дау-жанжал, ұрыс, кектесу, ренжісу, ашулану кездерінде жыныстар арасында байқалады.

Тікелей агрессияны көрсете алмаған жағдайда, ерлердің артериалды қысымы жоғарылап, бұл денсаулығына, психологиясына қатты әсер етеді, ашулану процесі тез қайта қоймай, көпке дейін сақталады.

Әйелдерде керісінше, ашуы тез қайтып, эмоционалды күші жылдам төмендейді. Ерлер мен әйелдердің арасындағы психофизиологиялық айырмашылықтарды былай түсіндіруге болады: «Ерлердің агрессивтілігі әрекеттің инструменталды формасына жатады, дау-жанжалды шешудегі күш көрсету – мақсатқа жетудің амалы, негізгі құралы болып есептеледі» (Ильин, 2015: 131).

Ашуланған сәттер ерлер ішкі сезімдерін әйелдер сияқты сөзбен жеткізе алмайды. Мұндай процесте ерлер қарсыласына қол көтереді немесе күш жұмсайды. Ашуланудың тағы бір сәттерінде ерлердің боғауыз сөздерді қолданбай, қол жұмсамай, үнсіз іштен тынып қалатын сәттері болады.

Оның қимылын бағып отырған Ғанидың жүзі түтігіп, қолы калтырап кетті. Мына

нәлетті ит терісін басына қаптап, қуып шыққысы-ақ келді, бірақ сөйлей алмай кемсеңдеді. Оның ашуға тұншығып, әрең отырғанын сезіп қалған Айдар көршіні тезірек кетіргісі келді.

– Ит! – деді Фани іштей. – Адам емес! (Б.Мұқаев «Мазасыз маусым»)

Қып-қызыл галстук тағынған директордың бізді елең қылмағанына ашуым кеп:

– Жүр, кеттік, ана! – дедім, шешемнің жеңінен тартып, қаным басыма шауып тістене (Н.Қапалбекұлы «Таудан түскен тұман»).

Ер адамдардың сөз таппай, сөйлемей, іштен тыну сәттері тек ашуланғанда ғана емес, қуанғанда да, таңғалғанда да, қапы қалғанда да болады. Олар ішінде қайнап жатқан сезім түрлерін (қайғы, қасірет, өкініш, т.б.) мұңмен, немесе көзіне жас ала отырып, сөзбен жеткізуді намыс көреді. Ішкі сезімдерін сыртқа шығара алмағандықтан олар кейде сөйлемей, үнсіз отырып алады.

Ерлердің мінез-кұлқындағы ерекшеліктеріне орай сөйлеу тілінде де күш көрсетуге, өштесуге, ашулануға қатысты сөздер қатары бар. Ашуланғанда күш көрсете отырып «быт-шытыңды шығарамын, қан жалатамын», т.б. деп айтады. Көркем мәтіндегі диалогте аталған жайт былайша көрініс береді:

– Осы тұрған жеріңде быт-шытыңды шығарайын ба? Адамның көңілін неге қалдырасың? Екі табаным күлдіреп түсіп қалыпты, – деп жалаң аяғына тас кебіс ілген Мұхит көзі қызарып қарсы ұмтылды (С. Сматаев «Бұлақ»).

– Байдалының жауабы сол. Екі иттің бауыр сыртынан дүрені соғып-соғып, Майбасарға қып-қызыл жоса қып қайтар, – деді. Ал!... Тұр бәлем! деп кеп, Қараман Қамысбайдың басына өзі мініп алып, құйрығы мен жонынан шықпырта берді. Жұмағұлды Үркімбаи мен өзге жігіттер де сондай сабады (М.Әуезов «Абай жолы»).

Мұндай сөздерді тек өш алу мақсатында ғана емес, тікелей, бетпе-бет кездескенде қарсыласын қорқыту мақсатында да жұмсайды.

Жұматай мұны тыңдауды былай қойып, дауысын суытып қатайып алып:

– А, келдің бе, ұры. Көрің қазылған кулактың баласы. Көзіңді көгертермін! – деп, беті шімірікпестен қарсы алды (М.Әуезов. «Абай жолы»).

Жанәли состиып әлі тұр. «Лима, Лимаш-ау, рас па?» – деген сөздерді жиі қайталай беріпті. Бір сәт ашу шақырғысы да келін:

– Сен қыздың мойныңды бұрап алармын! – деп өзін өзі қайрап та көрді (Ә.Тарази «Қорқау жұлдыз»).

Күш көрсетуге, өшпенділікке байланысты сөздер тек қарсыласымен кездескен жағдайда ғана емес, ашу үстінде өзімен-өзі отырғанда, болған іске риза болмаған жағдайда да сөйлеудегі түрлі тіркестер ерлердің мінезін білдіреді:

– Бұл саған аз. Ескерту ғана, – деді қызынып алған Жәрдем екіленіп, – Жыныма тие берсең жұлыныңды үзіп жіберемін (О.Ахметов «Қоңыр үй»).

Кейбір жағдайда ерлер болған істі басқа адамға баяндау барысында эмоциясыз, өзінің күш жігерін, батылдығын баян ету үшін осы сөздерді қолданады.

– Мен ауылда жоқ едім, – деп гүр етті Жанәли. – Зато, келген соң, жағдайды естіп білген соң, папам мен маманың төрт аяғын бір етікке тықтым! Ағаларымның да көкесін таныттым (Ә.Тарази «Қорқау жұлдыз»).

Ерлер кей жағдайда қатты ашынғанда «өлтіремін», «көрсетемін» сөздерін қолданады.

– Мен қазір барып бәріне көрсетемін, – деп бұрышта жатқан балтаға жармастым. – Бұл қорлыққа шыдай алмаймын. Өлтіремін!

– Ыдырыс, айналайын, сен енді ақылға кел. Үстіңнен жала жауып, өзіңе қиянат қылып жүрер. Ашуыңды бас.

– Жоқ, мен оларға көрсетемін, – деп тістеніп балтаны сығымдай ұстап сыртқа таптап берген мені Нүсіп ақсақал кеудесімен есікті жауып әзер жібермей ұстап қалды (Н.Қапалбекұлы. «Таудан түскен тұман»).

Аталған диалогтік үзінді арқылы өзінің дұрыстығын қарсыласымен келісімге бармай-ақ, оған тікелей күш жұмсауға және өлтіруге дайын адамның кейпін көреміз. Мұндай сөздер ер адамның диалогтік дискурсында жиі ұшырасады.

Әрбір ұлттың психологиясын, салт-дәстүрін, басқа ұлттардан ерекшелендіретін қасиеттерін тілі арқылы білуге болады. Яғни ұлттың сана-сезімі тілінен көрініс табады. Ұлттық мәдениетті ерекшелігін тілдік қатарлардың бірі – инвективті лексика.

Қазақ тілінде инвективтің кең тараған түрі – ерлердің қолданысындағы балағат сөздер. Ерлердің қолданысындағы инвективтер деп берген себебіміз – мұндай дәрекі сөздер жалпы ерлердің сөйлеу әрекетінде жиі кездеседі. Ал әйелдер болса қарсыласынан өшін алу процесінде – қарғыс мәнді сөздерді, кейбір сын есімді инвективтерді қолданғанды жөн көреді. Әйелдердің диалогтік дискурсында ерлер тіліне тән дәрекі сөздердің кездеспейтінінің бір себебі халқымыздың ұлттық тәрбиесіндегі болашақ ана болатын қыз балаларға сөйлеу мәдениетін үйрете отырып, салт-дәстүрге байланысты қалыптасқан ата-бабаларымыздың әйелдерге боқтық сөздерді айтуға тыйым салуымен байланысты.

Қазақ ерлерінің қолданысында анаға қатысты инвективтер өте дәрекі естіледі. Оның айтылу түрі көп. «Ана» сөзі түрлі баяндауыштармен жалғасып, адресатқа балағат түрінде жеткізіледі. Көркем мәтіндегі диалогте былайша ұшырасады:

Қара шал ұзап бара жатқан машинаға көз қиығын қайта салып, жерге шырт түкірді де:

– *Қап, анаңды ұрайын-ай! – көше жиегіне қалаған қызғыш мраморға отыра кетті* (Қ.Сүйеніш «Мен де ғашық болғанмын»).

Әрбір этникалық топтардың инвективтерді айту дәстүрінде өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, орыс тілінде тек анаға қатыстырыла айтылатын балағат сөздер өте көп. Ал қазақ мәдениетінде әке мен атаға қатыстырыла айтылатын инвективтердің балағат мәні жоғары. Бұл біздің менталитетімізде, балаға тәрбие беруде ата мен әкенің орнының жоғары болуында. Қазақ тілінде әкеге, атаға қатысты инвективтердің түрі көп және қолданылуы жағынан анаға қатысты инвективтермен қатар жүреді. Осындай ерекшелік ерлер диалогінде жоғары мәнге ие бола отырып, қазақ диалогіндегі гендерлік сипатты аңғартады:

Тәкең ызадан булығып кетті:

– *Кет, әкеңнің аузын...Тракторды ана Тиль Коляға тапсыр да, мая үюге бар! Жоғалт көзіңді!* (Ә.Балғожин «Сыр сандық»)

– *Талпаққа Көлбай сөзі «шу» деп тебінгендей тиді білем.*

– *Әй, енеңді...мен отырған үйге неге кіресің? – дей бергенде, анау іле жөнеліп:*

– *Е, атаңның...Әулиең бар ма еді мен кірмейтін? – деп ежірейіп қалады* (М.Әуезов «Абай жолы»).

Әйелдер диалогінде қарғыс мәнді сөздердің жиілігі көп. Қарғыс мәнді сөздердің айтылуы мақсаты – қарсыласынан кегін қайтару, өшін алу. Қарғыс сөздерді көбінесе әйелдер ұрысу кезінде, әңгіме барысында белгілі бір адамға қарата бағыттап айтады.

Осы заманға дейін қарғыс сөздер, негізінен әйелдердің магиялық құбылыстарға сенімінен туындаған. Магиялық құбылысқа сену әйел затына бұрыннан тән және осы күнге дейін сақталған қасиет. Сондықтан, құдіретті күштің орындалатынына күмән келтірмей, оны вербалды түрде, қарғыс сөздермен жеткізіп отырған.

– *Япырай, мына, көктей солғыр, мойның астыңнан келгір жетімекті-ай, ә! – деп әйел Жанболатты біраз қарғап-сілеп алды* (С.Мұратбеков. «Жанболат»).

– *Құдай жүзін көрмегір, мынау кім өзі әкіреңдеген! – деп Қамқа қаны қайнап, қатты ашуланды* (М. Әуезов «Абай жолы»).

– *Құдай сілегір, кетші былай, құдай сілегір. Тыныштық бермедің зой, сен ақ! – деп, жылатқан бойында итеріп тастады* (М. Әуезов «Абай жолы»).

– *О, үнің өшкір, әлі сөйлеуге шамаң бар екен зой. Бір ішім қалса ертең күн жоқ деп пе ең!... (Д. Исабеков «Тіршілік»).*

– *Мә, жеңдер! Талап түтіп жеңдерші бұл қуарғанды. Жабылыңдар, мә деймін! – деп, Абайға қатты төніп жетіп келді* (М. Әуезов «Абай жолы»).

– *Брылдатпа! Брылдатпашы анау көзің ойылғыр жетімекті! – деп, зекіп тастап, долы бәйбіше есікке қарады* (М. Әуезов «Абай жолы»).

– *Уай, қара бет! Көріңде өкір шетіңнен, қаралы көшке шапқан қара бет! – деді бәйбіше* (М. Әуезов «Абай жолы»).

Ерлер мен әйелдер диалогіндегі инвективті лексиканың семантикасына назар аударсақ, әйел тілінің өткір, ащы болып, көбінесе қарғыс мәнді жиі қолданатынын көреміз. Инвективті лексиканың қолданылуы адамның ішкі сезімін басқаруымен, мінезімен тікелей байланысты болады. Дәлірек айтқанда, инвективті лексиканың қолданылу аясы кейіпкердің мінезін, ерлер мен әйелдердің ішкі сезімін, олардың өзіне тән сипатын анықтайды. Кейіпкерлердің жөнсіз балағатқа баруы – өзінің ішкі психологиялық жай-күйін меңгере алмағандығын көрсетеді.

Жинақтаған тілдік материалдарымыз негізінде ерлер мен әйелдер тіліндегі диалогтің түрлерін анықтауға талпындық. Көркем мәтіннің гендерлік сипатын анықтауда диалог өнімді қызмет атқарады. Әсіресе, ауызекі сөйлеу тілінің жыныстар арасындағы ерекшеліктерін айқындауда маңызы зор. Диалог ерлер мен әйелдердің кескін-келбетіндегі, денелеріндегі, жүріс-тұрысындағы, қимыл-қозғалысы мен дауыс ырғағындағы ерекшеліктерді де саралай отырып, олардың мінезін айқындайды. Ерлердің мінезін айқындауда диалогтің атқаратын қызметі – өз дегенін істеу үшін неден болса да қайтпайтын, өзімізді қасиеттің ерлерге тән екенін анықтау.

«Рауыз кіріп келгенде, бұл теріс қарап терезе алдында тұрған, көпке дейін бұрыла қоймады. Сес көрсетіп, пысын сынағаны. Рауыз тарапынан дыбыс шыға қоймаған соң, төмендеп, кішірейіп келгенін түсінді. Түсінді де оқыс бұрылып:

– Тапсырманы теріс түсініп, бұйрықты бұра орындаған офицер қандай жаза тартады? – деді нық сөйлеп.

– Ар соты дегеннің не екенін білесің зой!

– Білемін, – дейді Рауыз даусы дірілдеп.

– Білгенде қандай жолдас начальник!

Сонишалықты алып адамның, сонишалықты мүсәпір болып, бүрісіп тұрғанын көріп, Абыралының мерейі тасып, мейірі қанды. «Ә-ә, қалай екен иттің гана баласы!» ... Зілді бұйрықты бұл ешбір айқайсыз, сызданып, Рауыздың тап-таза үркек көздеріне, тап-таза нәресте көздеріне қадала қарап тұрып айтты. «Қайдан шықса, одан шықсын!»» (Ә.Тарази. «Москва-Баласаз»).

Диалог психологиялық ауыр ахуалға құрыла отырып, өз өліміне өзі үкім айтып, соның құрбаны болған Рауыздың әлсіздігі, сұмдықтың бәріне куәгер болған Рауызды құртпай және өзі емес, оны Рауыздың өз қолымен, өз талабымен жүзеге асыруды ойлаған Абыралының айлакерлігі, арсыздығы, қатыгездігі танылады.

Ауызша және әдеби шығармалар мәтініндегі диалогтің лексикалық, синтаксистік және стильдік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын нақтылаған А.Айтбенбетова оларды қазақ және орыс тілдерінің материалдарымен салыстыра отырып, диалогтің табиғаты мен қызметін саралап, негізгі көрсеткіштерін анықтайды (Айтбенбетова, 2007: 81).

Орыс және қазақ тілдерінің материалдары негізінде зерттеп, психоллингвистикалық, әлеуметтік факторлар арқылы талдаған ғалым Г.Иманғалиева диалогтің түрлерін анықтайды. Ғалым диалогті хабарламалық, прагматикалық, модальдік деп үш түрге бөліп қарастырады (Иманғалиева, 1999: 65).

Диалогте қаратпа сөзді, сұраулы сөйлемдерді жиі қолданатын негізінен әйелдер болып табылады. Қаратпа сөздер мен сұраулы сөйлемдердің сазы, бояуы олардың эмоционалды болатынын дәлелдейді. Таза диалог негізінен, сұраудан құрылады. Сондықтан бұл диалог түрін сұрау диалогі деп атадық. Аталған диалог белгілі бір ақпаратты жеткізу және өзіне қажетті ақпаратты анықтау мақсатында жиі құрылады. Мұндай диалог ер кейіпкерлердің тілінде жиі ұшырасады:

Панфилов: – Жә, батальонның қоршауда қалуына себеп болған взвод командирін шақыртышы, ол ротаның командирі кім еді?

Намысұлы: – Жанбозов.

Панфилов: – Жанбозов па еді? Оны да шақыр.

Намысұлы: – Жолдас генерал, олардың екеуі де жоқ.

Панфилов: – Олар қайда?

Намысұлы: – Жанбозов тағы сол взвод командирінің кесірінен бомба түскен блиндаж астында қалып қойды.

Григорьев: – Ал взвод командирі ше?

Намысұлы: – Ол атылды.

Панфилов: – Атылды?

Григорьев: – Кім атты?

Намысұлы: – Сол жазалары үшін біз аттық.

Панфилов: – Аттық! Рұқсат еткен кім, атқан кім?

Намысұлы: – Рұқсат еткен де, атқан да өзім (М.Әуезов. Намыс гвардиясы).

Біз анықтаған диалогтің келесі түрі – *сұхбаттасу диалогі*. Бұл диалог ер кейіпкерлер мен әйел кейіпкерлердің дүниетанымын, қызығушылығын, көзқарасын танытады. Мұнда белгілі бір ақпаратты білумен қатар, сөйлеушілердің жеке тұлғалық ерекшеліктері көрінеді. Сұхбаттасу диалогі кейіпкердің рухани қажеттігін өтейді. Сондықтан ол ситуацияға қатысты болмай, әңгімеге қатысушылардың өзара пікірлерінен туындайды. Диалогтің өту барысы ер кейіпкерлер тілінде өзгеше, әйел кейіпкерлер тілінде өзгеше сипат алады. Ерлер сұхбаттасу диалогінде бата, тілек мәнді сөздерді жиі қолданады.

– Ал, сапар оң болсын! – деді Еламан.

– Әумин, айтқаның келсін.

– Жай жүрсіз бе?

– Ой, шырағым-ай! Жаман ағаңның жай жүрген кезі болған ба?! Басына бүлік тілеп алып жүреді ғой, – деп, Кәлен қарқылдап, рақаттана күлді (Қан мен тер, 765).

Мөңке әңгімеге араласпай, сыртқары қалған Тәңірбергенге бұрылды:

– Қалақ бала, мен осы бір әңгіме естідім ғой... Сенің қойлы ағаң болыстың сайлауына түсті деген не? Сол рас па?

– Я, ол кісі сайлауға түсті.

– Қадамы қайырлы болсын! – деді Мөңке (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»).

Әйелдер тілінде сұхбаттасу диалогі күнделікті тіршілікте, отбасы, ауыл ішіндегі әңгіме төңірегінде құрылады.

– Қандауыр деген не сөз? – деді Айна енесін қымтаңқырап қойып.

– Тек, о несі-ай, атасының атын атағаны несі...

– Кешіріңіз – деді қызара қалған келіні. – Байқамай қалдым, әншейін сөз төркінін білгім келіп еді (О.Бөкей. Атау кере).

Гендерлік диалогтің келесі түрі – *қалаулы диалог*. Бұл диалог сөйлеушінің біреуді іске қосу, жұмсау үшін айтқан пікірін білдіру, қалаулы диалог реплика стимулдан басталады. Яғни сөйлеуші тыңдаушыға бұйырып немесе өтініп сөйлейді. Соған байланысты қалаулы диалогті бұйрық диалогі және өтініш диалогі деп екіге бөлдік. Көркем мәтін тілінде бұйрық диалогі негізінен ерлер тілінде жиі кездеседі:

– Өзі азғантай балықтың жарым-жартысын қайтып әкетіп бара жатқандарың не?

– Тақсыр, асымдық балық.

– Бұл жаққа мен иман іздеп кеп жатқаным жоқ.

Еламан үндемеді.

– Ендігі жерде менен ұлықсатсыз бір қадақ балық алмайсыңдар.

– Тақсыр, ол қалай?...

– Айттым – бітті. Қашан көп балыққа кенелгенше, жеуге жалғыз шабақ та бермеймін.

Федоров жалт етіп, тұздай көздерімен Еламанға қадала қарады.

– Солай! Ана алып бара жатқан балықтарыңды қайтып тапсырыңдар!

– Жарайды, тақсыр, – деді де Еламан бұрылып жүре берді (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»).

Өтініш диалогі әйел кейіпкерлердің тілінде жиі кездеседі.

Ақбала қасына кеп отырып жатқан Қарақатынға қарауға қорықты.

– Келіншек-ау, сен не білдің... күннің сыңайын байқадың ба? Жаңа отынға барғанда көрдім. Жағалаудың мұзы қабыршықтай-ау, қабыршықтай. Жас баланың еңбегі сияқтанып, аяғыңның асты былқ-былқ етіп ойыла жаздап жатыр.

Ақбала бір сәт көзін жұмып қиналып отырды да:

– Алла разы болсын... қойыңызшы! – деп сыбырлай тіл қатып еді,

Қарақатын:

– *Сорлы-ай! Сорың қайнап қалмаса не қылсын – деді (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»).*

Өтініш диалогі бұйрық райдың үшінші жақ формасында жұмсалады. Ол форма көбінесе тілек, өтініш мәнін білдіреді. Бұл жөнінде А.Ысқақов: «сын, сін формасы үшінші жақта бұйрық мәнінен айырылып, өтініш модальділігіне тән тілек, жалбарыну өтініш тәрізді реңктерді білдіреді» – дейді (Ысқақов, 1991: 319).

Қазақ диалогінің гендерлік сипатын айқындауға *эмоционалды диалогтің* қызметі айрықша. Диалогтің бұл түрі сезімді, эмоцияны сыртқа шығаруда ерлер мен әйелдер тілінің ерекшелігін айқындайды. «Эмоция түрлі сезімге, қуанышқа, таңдануға, жиренуге байланысты» – дейді К.Аханов (Аханов, 1978: 40).

Эмоцияның тілдегі айқын көрінісі қуану, қайғыру, ұрысуда терең байқалады. Бұлардың барлығы да психикалық процесс. Психикалық процесс эмоциямен байланысты болады. Әйелдер өз эмоциясын жасыра алмайды. Сондықтан эмоционалды диалог көбінесе әйелдер тілінде жиі кездеседі.

– Мына сайқал, қайтеді, әй? – деп бәйбіше есін жинап, қайта ұмтылғанда, Ақбала оны *дәл кеудеден итеріп жіберді.*

– *Балаларымнан аулақ!*

– *О, сорлы!...*

– *Өзің сорлы! Өлмей бермеймін балаларымды!..*

– *Бала ма саған? Әй, қатындар, неғып тұрсыңдар, баланы тартып алыңдар!*

– *Жақындамаңдар! – деді Ақбала айқайлап (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»).*

Диалог ұрысқа құрылған. Аталған диалог түрі ерлер тілінде де кездеседі. Бірақ ерлерге қарағанда әйелдердің өзіндік ерекшелігі мынада: ұрысты бастаушы өз сөзін алдын ала бақылап алады да, ол өзінің жауабында да қарсыласынан қапы қалмайды, әрбір сөздің интонациясын нақышына келтіріп, қарсыласының ызасын келтіреді, қарсыласқан әйел адамның эмоциясы оның өзін-өзі ұстай алмауынан көрінеді. Сондықтан қарсыластың репликасы эмоциялық сипатта жұмсалады.

Қарақатынның Балкүміс деген бойжеткен қызы төр алдында тізесін құшақтап, сазарып отыр. Қарақатын қызының мекерлігін жаратпады:

– *Өй, бетің тілінгір! Ақбала құсап бедіреюін қарашы!*

– *Өзіңнің бетің оңып тұрған шығар!*

– *Е, менің бетімнің несі бар екен? Көп болса отын арқалап, жаным қиналғасын қарайып кеткен шығар!*

– *Ие, басқа кезде аппақ деген...*

– *Мөңкенің қатыны құсап, балпылда да отыр солай.*

– *Өзің балпылдамайтын шығарсың.*

– *Тұтақ! Сен мендей де болмайсың. Ана судыр Ахметтің қатыны құсап, соңыра байың күнде шашыңнан сүйрелеп, таяқ астында жүрерсің-ау, сен бейбақ. Соныңды көрсем екен соңыра.*

Балкүміс жылап жіберді (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»).

Ер адамдар тілінде ұрысты бастаушы кісінің де, оның қарсыласының да репликасы еркін болады. Бұған шығарма авторының ер адам екендігі де себеп болады. «Ер автор шығармалары мәтінінің өзіндік белгілері төмендегідей болып келеді:

1. Эмоциялар мен сезімдерді білдірудің біркелкі тәсілдері қолданылады;

2. Нақтылық басым көрінеді;

3. Сөздік құрамы жағынан, стильдік жағынан бейтарап қолданыс байқалады;

4. Стильдік бояуы бар архаизмдер, сленгтер, окказионализмдер жиі орын алады» (Каримова, 2023а: 95).

Біз анықтаған диалогтің келесі түрі – *әңгіме диалогі*. Бұл диалог түрі кейіпкердің басқалармен қатынасын, кейіпкердің өз ісіне, еңбегіне қатысын, кейіпкердің өзіне қатынасын айқындауға құрылады.

– *Саламатсыз ба? – дедім оған жақындай бере.*

– *Иә, – деді ол зор дауыспен. – Қайда барасың?*

– Мені сізге жіберді...
– Сен сізді қоя тұр. Менімен бірге істейді екенсің, құрдас боласың. Өзің тым арықсың зой, серейіп өсе бергенше жуандасаң қайтеді! – деді ол айырдай қолдарын қалтасынан шығарып.

– Трактор айдауға шамаң келе ме?

– Шама келгенде, сіз оны итеріп жүргізбейтін шығарсыз, – дедім оған ашуымның келгенін білдіріп.

– Ойбай, мынаны қара! – деді ол маған өткір көздерін қадай түсіп. – Сен сөйлей біледі екенсің зой. Ал, мін тракторға, көрейін қалай екеніңді. Бір жерің ұнамаса бар зой айтпады деме, қуып жіберемін! – деді де, ол күркілдеп тұрған тракторға келіп өшіріп тастады.

– Ал, оталдыр да жүргіз! (Д.Исабеков, «Шойынқұлақ»).

Мұнда кейіпкерлерге тән мынандай психофизиологиялық ерекшелікті байқауға болады: физиологиялық тұрғыда кейіпкердің бірінің күші мол, бірі нәзік; психологиялық тұрғыда еңбексүйгіш, жинақы адамдар. Сұлтанның сөз саптауынан кейіпкердің мінез сипаттары анық көрініс табады. Яғни өжет, бірбеткей сонымен қоса, кішіпейіл екені көрінеді. Алданыштың сөз саптауынан еңбекке шындалған, өзіне-өзі сенімді, шыншыл екені байқалады.

Диалогте адам мінезінің әлсіз тұстарын танытатын шыдамсыздық, ұстамсыздық қасиеттер көрінеді. Ауызекі сөйлеу тіліне жататын қарапайым сөздерді, дөрекі сөздерді қолданудан әйелдердің эмоциясы, мінезіндегі міндері байқалады. Бұл қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің бір қыры. Диалогтің кейіпкер мінезін танытатын қызметін ғалым Б.Шалабай күрделі мәтіннің аясында, тұтас құрылым тұрғысынан алып қарайды. «Жазушының кейіпкерлерді тілдік мінездеу арқылы олардың сөз қолдану машықтарын, ішкі ой-өріс, дүниетанымдарын ашады» – дейді (Шалабай, 1994: 81).

Ал ғалым Х.Кәрімов: «Диалог адамдар арасында өмірде кездесетін сан-қилы қарым-қатынасты бейнелеп, кейіпкерлер репликалары арқылы бір-біріне әсер етіп, адам мінезінің нақты, нанымды түрде ашылуына көмектеседі. Соның тілдік амалына айналады», – деп тұжырымдайды (Кәрімов, 1995: 35). Ғалымның бұл ойымен біздің айтар ойымыз астасып, қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің бір қыры – ер мен әйел адамдардың мінез сипаттарына қатысты болатынын айғақтайды.

Қорытынды

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшелігі – ерлер мен әйелдер тіліндегі тақырыптық аяның әртүрлі болуымен байланысты. Әңгіме барысында ерлер нақты мәселелерге көңіл бөлсе, әйелдер қарым-қатынастың болу жағдайын қадағалайды. Ер тобындағы болған әңгімелерде көбіне хабар жүрсе, әйелдерде құрбыларымен сырын бөлісу, бір-біріне эмоционалды тұрғыдан болса да көмек көрсету процестері жүреді.

Қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің бір қыры – ер мен әйелдердің эмоционалды дискурсымен анықталды. Әйелдердің аналық рөлі мен сезімталдығына байланысты сөз қолданысында қуану, аяу, мүсіркеу және жаны ашу мәніндегі сөздер жиі айтылады. Әйелдер сөздің құдіретіне сеніп, суггестиялық амалдарға жиі барады. Жаратқанға жалбарынады және ырым-жоралғыларға қатты сенеді. Сол себепті диалогтерінің көлемі ұзақ, мазмұны сезімге толы болады.

Ерлердің психологиялық ерекшеліктеріне, агрессивтілігіне орай күш көрсету, сес көрсетуге байланысты қалыптасқан лексикалар қатары диалогтерінде жиі ұшырасады. Ерлер диалогі қысқа және нақты мақсатқа құрылады.

Қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің келесі қыры – ерлер мен әйелдердің қолданысындағы инвективтермен байланысты. Жыныстар арасында айтылатын инвективтердің ұлттық тәрбиеде мәні бар. Ерлер диалогінде өрескел, тұрпайы инвективтер қолданылса, әйелдер қауымы қарғыс сөздерді жиі пайдаланады. Балағат сөздердің әйелдер диалогінде ұшыраспауы – ұлтты тәрбиелеуші маңызды субъект екендігімен байланысты.

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктерін талдай отырып, диалогтің түрлері анықталды. Сұхбаттасу диалогі, қалаулы диалог, сұрау диалогі, эмоционалды диалогтер арқылы ер мен әйелдердің мінез ерекшеліктері танылды. Жыныстар арасындағы мінез ерекшеліктері – қазақ

диалогіндегі гендер ұғымын айшықтайтын негізгі тетік.

Мақала ЖТН BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Айтбенбетова А. (2007) Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық синтаксистік, стилистикалық қызметі: филол.ғылым.канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 130 б.
- Аханов К. (1978) Тіл білімі негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 496 б.
- Жұбанов Қ. (1999) Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 581 б.
- Ильин Е. (2015) Дифференциальная психофизиология мужчины. – М.: Питер, 2015. – 544 с.
- Иманғалиева Г. (1999) Типология диалога (на материале казахского и русского языка): дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1999. – 215 с.
- Каримова Б., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. (2023) Көркем мәтіннің гендерлік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – бб. 89-100. <https://doi.org/10.47526/2023-4/26640686.08>
- Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы: Санат, 1995. – 141 б.
- Крючкова Т. (2016) О применении понятия гендер в русскоязычном лингвистическом описании // Филологические науки, 2016. – №3, с. 142.
- Мамаева Г. (2003) Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер. филол. ғылым. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 153 б.
- Тұрдалиева Р. (2009) Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолінгвистикалық талдау: филол. ғылым. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2009. – 125 б.
- Хасанұлы Б. (2003) Махамбеттің тілдік тұлғасы: әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық сыр-сипаты. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – бб. 230-235.
- Шалабай Б. (1994) Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 128 б.
- Шоқым Г. (2021) Қазақ тіл білімінің гендерлік тұғыры. – Алматы: Сервис и К, 2021. – 312 б.
- Ысқақов А. (1991) Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

References

- Aitbenbetova A. (2007) Aýyzeki jáne kórkem shyǵarma mátinindegi dialog: leksikalıyq sintaksistik, stilistikalyq qyzmeti: filol. ǵylym. kand. ... dis.: 10.02.02. – Almaty, 2007. – 130 b. [Aitbenbetova A. (2007) Dialogue in the text of a spoken and artistic work: lexical syntactic, stylistic function: philol. science. kand. ... dis.: 10.02.02. – Almaty, 2007. – 130 p.] (in Kazakh)
- Ahanov K. (1978) Til bilimi negizderi. – Almaty: Mektep, 1978. – 496 b. [Akhanov K. (1978) Fundamentals of linguistics. – Almaty: Mektep, 1978. – 496 p.] (in Kazakh)
- Jubanov Q. (1999) Qazaq tili jónindegi zertteýler. – Almaty, 1999. – 581 b. [Zhubanov Q. (1999) Research on the Kazakh language. – Almaty, 1999. – 581 p.] (in Kazakh)
- Ilyin E. (2015) Diferentsialnaya psihofiziologiya mújchiny. – M.: Peter, 2015. – s. 544. [Ilyin E. (2015) Differential psychophysiology of men. – M.: Peter, 2015. – 544 p.] (in Russian)
- Imangaliyeva G. (1999) Tipologiya dialoga (na materiale kazahskogo i russkogo iazyka): dis. ... kand. filol. nauk. – Almaty, 1999. – 215 b. [Imangaliyeva G. (1999) Typology of the dialogue (based on the Kazakh and Russian languages) philol. science. kand. ... dis. – Almaty, 1999. – 215 p.] (in Russian)
- Karimova B., Quantaiuly N., Tolepbergen B. (2023) Kórkem mátininń genderlik erekshelikteri // Yasayı úniversitetinń habarshysy. – 2023. – №4 (130). – bb. 89-100. [Karimova B., Kuantaiuly N., Tolepbergen B. (2023) Gender features of a literary text // Bulletin of the Yassawi University. – 2023. – №4 (130). – 89-100 pp.] <https://doi.org/10.47526/2023-4/26640686.08> (in Kazakh)
- Kárimov H. (1995) Qanatty til. – Almaty: Sanat, 1995. – 141 b. [Karimov Kh. (1995) Winged tongue. – Almaty: Category, 1995. – 141 p.] (in Kazakh)
- Kryuchkova T. (2016) O primeneniı ponyatiya gender v russkoıazychnom lingvisticheskom opisaniı. Filologicheskie nauki, 2016. – №3. – s. 142. [Kruchkova T. (2016) On the application of the concept of gender in the Russian linguistic description. Philological Sciences, 2016. – No.3. – 142 p.] (in Russian)
- Mamayeva G. (2003) Erler men áelderdiń sóz qoldanysyndaǵy erekshelikter. filol. ǵylym. kand. ... dis.: 10.02.02. – Almaty, 2003. – 153 b. [Mamayeva G. (2003) Features in the use of words by men and women: philol. science. kand. ... dis.: 10.02.02. – Almaty, 2003. – 153 p.] (in Kazakh)
- Turdaliyeva R. (2009) Kórkem mátindegi genderlik sypat: psiholingvistikalıyq taldaý. filol. ǵylym. kand. ... dis.: 10.02.02. – Almaty, 2009. – 125 b. [Turdaliyeva R. (2009) Gender character in literary text: a psycholinguistic analysis. philol. science. kand. ... dis.: 10.02.02. – Almaty, 2009. – 125 p.] (in Kazakh)
- Hasanuly B. (2003) Mahambettiń tildik tulǵasy: Áleymettik lingvistikalıyq jáne psiholingvistikalıyq syr-sipaty. Halyqaralyq konferentsia materialdary. – Almaty, 2003. – bb. 230-235 b. [Hasanuly B. (2003) Language personality of

Makhambet: socio-linguistic and psycholinguistic mystery-character. Materials of the international conference. – Almaty, 2003. – P. 230-235] (in Kazakh)

Shalabai B. (1994) Kórkem proza tili. – Almaty, 1994. – 128 b. [Shalabai B. (1994) The language of artistic prose. – Almaty, 1994. – 128 p.] (in Kazakh)

Shoqym G. (2021) Qazaq til biliminin genderlik tugyry: monografiya. – Almaty: Poligrafia Servis i K, 2021. – 312 b. [Shokym G. (2021) Gender basis of Kazakh language education: monograph. – Almaty: Polygraphy Servis I, 2021. – 312 p.] (in Kazakh)

Ysqaqov A. (1991) Qazirgi qazaq tili. Morfologia. – Almaty: Ana tili, 1991. – 384 b. [Iskakov A. (1991) Modern Kazakh language. Morphology. – Almaty: Native language, 1991. – 384 p.] (in Kazakh)